Une rallonge de tuyau ne doit pas dépasser 2 mètres de long. Le diamètre intérieur ne doit pas être inférieur au diamètre du tuyau d'évacuation.

Lorsque vous raccordez le tuyau de vidange à un embout du siphon sous l'évier, n'oubliez pas d'enlever toute la membrane en plastique (A). Si vous oubliez d'enlever toute la membrane, les particules d'aliments risquent de s'accumuler avec le temps et de boucher l'embout du tuyau de vidange du lave-vaisselle.



ⓘ L'appareil est doté d'un système de sécurité qui empêche l'eau sale de retourner dans l'appareil. Si le robinet de votre évier est doté d'un clapet de retenue, cela pourrait entraver la vidange correcte de l'appareil. Enlevez le clapet de retenue.

⚠ Attention Vérifiez l'étanchéité des raccords.


N'utilisez pas des multiprises, des adaptateurs ou des rallonges. Ils présentent un risque d'incendie.

Ne remplacez pas le câble secteur vous-même. Contactez le service après-vente de votre magasin vendeur.

Assurez-vous que la prise est accessible après l'installation.

Ne tirez pas sur le câble secteur pour débrancher l'appareil. Tirez toujours sur la prise.


EN MATIÈRE DE PROTECTION DE L'ENVIRONNEMENT

Le symbole  sur le produit ou son emballage indique que ce produit ne peut être traité comme déchet ménager. Il doit être remis au point de collecte dédié à cet effet (collecte et recyclage du matériel électrique et électronique).

En procédant à la mise au rebut de l'appareil dans les règles de l'art, nous préservons l'environnement et notre sécurité, s'assurant ainsi que les déchets seront traités dans des conditions optimum. Pour obtenir plus de détails sur le recyclage de ce produit, veuillez prendre contact avec les services de votre commune ou le magasin où vous avez effectué l'achat.

Tous les matériaux d'emballage sont écologiques et recyclables. Les composants en

plastique sont identifiables grâce aux sigles >PE<, >PS<, etc. Veuillez jeter les matériaux d'emballage dans le conteneur approprié du centre de collecte des déchets de votre commune.

 **Avertissement** Le fabricant décline toute responsabilité en cas de non-respect des précautions de sécurité mentionnées dans ce chapitre.

- Retirez la fiche de la prise secteur.
- Coupez le câble d'alimentation et la prise et mettez-les au rebut.
- Éliminez le dispositif de blocage de porte. Ceci pour empêcher que des enfants ne restent enfermés à l'intérieur de l'appareil et ne mettent leur vie en danger.

QUELLAVEVAISSELLERIE.COM

Electrolux. Thinking of you.

Біздің басқа идеяларымызбен www.electrolux.com веб-сайтынан танысыңыз.

МАЗМҰНЫ

| | | | |
|-------------------------------------|----|---------------------------------------|----|
| Қауіпсіздік туралы мағлұматтар | 22 | Жуу бағдарламасын таңдау және | |
| Бұйым сипаттамасы | 23 | бастау | 33 |
| Басқару панелі | 24 | Жуу бағдарламалары | 34 |
| Құрылғыны қолдану | 26 | Күту менен тазалау | 35 |
| Су жұмсақтайтын бұйымын салу | 26 | Не істерсіңіз, егер... | 36 |
| Ыдыс жуғыш машинасы үшін арналған | | Техникалық сиппатама | 38 |
| | 27 | Орнату | 38 |
| Шаю бұйымдары | 28 | Суға қосу | 39 |
| Ас құралдары менен ыдыс-аяқты салус | | Электртоғына қосу | 40 |
| | 29 | Қоршаған ортаға зиян келдірмеу туралы | |
| Тазалау бұйымдарын қолдану | 31 | мағлұматтар | 40 |
| Мульти таб функциясы | 32 | | |

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.



ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

i Осы нұсқаулықты өз қауіпсіздігіңіз бен құрылғыны дұрыс пайдалану үшін, оны орнатып іске қоспаса бұрын мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықты әрқашан тіпті құрылғыны көшірсеңіз не сатсаңыз да онымен бірге қалдырыңыз. Пайдаланушылар құрылғының қауіпсіздік функциясы мен оны іске қосу жолдарын толық білуге тиіс.

Дұрыс пайдалану

- Құрылғы тек үйде пайдалануға ғана арналған.
- Құрылғыны тек ыдыс жуғыш машинада жууға болатын үйдегі ыдыс-аяқтарды жуу үшін ғана қолданыңыз.
- Құрылғыға ешбір еріткіш зат салмаңыз. Жарылып кету қаупі бар.
- Пышақ және өткір ұшты құралдардың барлығын ас үй құралдары себетіне төмен қаратып салыңыз. Не үстіңгі себетке көлденең жатқызып салыңыз.
- Тек ыдыс жуғышқа арналған фирмалық заттарды(жуғыш зат, тұз, шайғыш зат)ғана қолданыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғы есігін ашсаңыз, ыстық бу шығып кетеді. Күйіп қалу қаупі бар.
- Ыдыстарды ыдыс жуғыштан жуу бағдарламасы аяқталмай тұрып алмаңыз.

- Жуу бағдарламасы аяқталған кезде розетканы электр желісінен суырып, судың шүмегін жабыңыз.
- Бұл құрылғыны тек уәкілетті қызмет көрсету маманы ғана жөндеуге тиіс. Тек фирмалық қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.
- Жарақат алып не құрылғыға зақым келмес үшін құрылғыны өзіңіз жөндемеңіз. Әрқашан жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Жалпы қауіпсіздік ережелері

- Физиологиялық, сезімдік не қабілет деңгейі төмен немесе пеш жұмысына қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдар (балаларды қоса алғанда) құрылғыны пайдаланбауға тиіс. Олар құрылғыны міндетті түрде өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы не қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.
- Көз, ауыз қуысы мен кеңірдек күйіп қалмас үшін ыдыс жуғыш машинаға арналған жуғыш заттарды пайдалану туралы өндіруші нұсқауларын орындаңыз.
- Ыдыс жуғыш машинадағы суды ішпеңіз. Жуғыш заттың қалдығы құрылғы ішінде қалып қоны мүмкін.

- Жарақат алып не ашық тұрған есікке соғылып қалмас үшін құрылғыны пайдаланбаған кезде есігін әрқашан жауып қойыңыз.
- Ашық тұрған есіктің үстіне отырмаңыз не үстіне шықпаңыз.
- Ең алғаш пайдаланбас бұрын орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Құрылғыны электр желісіне білікті әрі уәкілетті маман қосуға тиіс.
- Құрылғыны құбыр желісіне білікті әрі уәкілетті маман қосуға тиіс.

Бала қауіпсіздігі

- Бұл құрылғыны тек ересек адам ғана қолдануға тиіс. Балаларды құрылғымен ойнап қоймас үшін қадағалап отыру қажет.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз. Тұншығып кету қаупі бар.
- Жуғыш заттардың барлығын сенімді жерде сақтаңыз. Балаларға жуғыш затқа жолауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғы есігі ашық тұрған кезде балаларды алыс ұстаңыз.


Орнату

- Тасымалдау кезінде құрылғының еш жеріне нұқсан келмегенін тексеріңіз. Бүлінген құрылғыны ешқашан қоспаңыз. Қажет болса, сатушыға хабарласыңыз.

- Бұл өнімнің құрылымын бұзбаңыз, оған еш өзгерту енгізбеңіз. Жарақат алуыңыз және құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.
- Құрылғыны пайдаланбаңыз, егер:
 - электр сымы не су құятын, төгетін түтікшелері зақымдалса.
 - басқару панелі, жұмыс алаңы не қабырғасына нұқсан келіп құрылғының ішкі жағы қол жетерліктей ашық қалса.
- Жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының гидравликалық не электр бөлшектеріне зақым келмес үшін оның қабырғасын бұрғымен теспейіңіз.

- **Назарыңызда болсын!** Электр және су жүйелеріне қосқан кезде нұсқауларды мұқият орындаңыз.

БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ




1 Үстіңгі себет

2 Су кермектігінің дискісі

- | | |
|--|---------------------------------|
| 3 Түз сауыты | 7 Сүзгілер |
| 4 Жуғыш зат үлестіргіші | 8 Астыңғы бүріккіш түтік |
| 5 Шайғыш зат үлестіргіші | 9 Үстіңгі бүріккіш түтік |
| 6 Техникалық ақпарат тақтайшасы | |

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



- | |
|---|
| 1 Қосу/Өшіру түймешігі |
| 2 Сандық бейнебет |
| 3 Кешіктіріп бастау түймешігі |
| 4 Бағдарламаны таңдайтын түймешіктер |
| 5 Анықтағыш шамдар |
| 6 Функция түймешіктері |

| Анықтағыш шамдар | |
|------------------------------|---|
| Түз ¹⁾ | Бұл шам тұз сауытын толтыру қажет болғанда жанады. 'Ыдыс жуғыш машина тұзын пайдалану' тарауын қараңыз. Сауытты толтырып болған соң, тұздың анықтағыш шамы бірнеше сағат жанған қалпы тұрады. Бұның құрылғы жұмысына еш зиянды әсері жоқ. |
| Шайғыш зат ¹⁾ | Бұл шам шайғыш зат сауытын толтыру қажет болғанда жанады. 'Шайғыш затты пайдалану' тарауын қараңыз. |
| Multitab | Multitab функциясын қосқан кезде жанады. 'Multitab функциясы' тарауын қараңыз. |

1) Жуу бағдарламасы орындалып тұрған кезде, тұз және/не шайғыш зат үлестіргіштері босап қалса, тиісті анықтағыш шамдар жанбайды.

Сандық бейнебет

Бейнебетте төмендегілер көрсетіледі:

- Су жұмсартқыштың орнатылған деңгейі.
- Шайғыш зат үлестіргіштің қосулы/өшірулі (тек multitab функциясы қосылып тұрғанда) тұрғандығы.
- Бағдарламаның соңына дейін қалған уақыт.
- Жуу бағдарламасының соңы. Бейнебетте нөл пайда болады.
- Кешіктіріп бастаудың сағаттық мәні.
- Ақаулық кодтары.
- Дыбысты сигналдарды қосу/өшіру.

Бағдарламаны таңдайтын түймешіктер

Осы түймешіктермен жуу бағдарламасын таңдауыңызға болады. Бағдарлама түймешігін басыңыз, тиісті анықтағыш шам жанады. Жуу бағдарламалары туралы толығырақ ақпаратты 'Жуу бағдарламалары' тарауынан қараңыз.

Кешіктіріп бастау түймешігі

Кешіктіріп бастау түймешігін жуу бағдарламасын 1 мен 19 сағат арасындағы интервал бойынша кешіктіріп бастау үшін қолданыңыз. 'Жуу бағдарламасын орнату және бастау' тарауын қараңыз.

Функция түймешіктері

Функция түймешіктерін мына әрекеттер үшін қолданыңыз:

- Су жұмсартқышты орнату үшін. 'Су жұмсартқышты орнату' тарауын қараңыз.
- Дыбысты сигналдарды қосу/өшіру үшін. 'Дыбысты сигналдар' тарауын қараңыз.
- Multitab функциясы қосылып тұрғанда, шайғыш зат үлестіргішін қосу/ажырату үшін. 'Multitab функциясы' тарауын қараңыз.

Параметрлерді орнату режимі

Мына әрекеттерді орындау үшін құрылғы параметрлерді орнату режимінде тұруға тиіс:

- Жуу бағдарламасын орнату үшін.
- Су жұмсартқыштың мәнін орнату үшін.
- Дыбыстық сигналдарды қосу/өшіру үшін.
- Шайғыш зат үлестіргішін қосу/өшіру үшін.

Қосу/өшіру түймешігін басыңыз.

Құрылғы келесі жағдайда параметрлерді орнату режимінде тұрады:

- Барлық бағдарламалардың индикаторлары жанғанда.

Қосу/өшіру түймешігін басыңыз.

Құрылғы келесі жағдайда

параметрлерді орнату режимінде тұрмайды.

- Тек бір бағдарламаның индикатор шамы жанғанда.
- Жуу бағдарламасы орнатулы. Параметрлерді орнату режиміне қайту үшін жуу бағдарламасын біржола тоқтату керек. 'Жуу бағдарламасын орнату және бастау' тарауын қараңыз.

Дыбысты сигналдар

Дыбысты сигналды:

- Жуу бағдарламасының соңында.
- Су жұмсартқыштың деңгейін орнату барысында.
- Құрылғыда ақау пайда болғанда естисіз.

Дыбысты сигналдар зауытта қосылатын етіп бапталған.

Дыбысты сигналдарды өшіру үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыны қосыңыз.
2. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанын тексеріңіз.
3. В және С функция түймешіктерін А, В және С функция түймешіктерінің анықтағыш шамдары жыпылықтай бастағанша басып ұстап тұрыңыз.
4. А және В функция түймешігін босатыңыз.
5. С функция түймешігін басыңыз.
 - А және В функция түймешіктерінің анықтағыш шамдары өшеді.
 - С функция түймешігінің анықтағыш шамы жыпылықтайды.
 - Сандық бейнебетте параметр пайда болады.

0b

Дыбысты сигналдар ажыратылған

1b

Дыбысты сигналдар қосылған

Дыбысты сигналдар қосылады.

6. С функция түймешігін қайта басыңыз.
 - Сандық бейнебетте жаңа параметр пайда болады.
7. Амалды құрылғы жадына енгізу үшін құрылғыны өшіріңіз.

Дыбысты сигналдарды қосу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Жоғарыдағы әрекетті сандық бейнебетте қажетті параметр пайда болғанша орындаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОЛДАНУ

Процедураның әр сатысы үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Су кермектігінің деңгейінің аймағыңыздағы судың кермектігіне сай келетініне көз жеткізіңіз. Қажет болса су жұмсартқышты орнатыңыз.
2. Тұз сауытына ыдыс жуғыш машина тұзынан салыңыз.
3. Шайғыш зат үлестіргішіне шайғыш заттан салыңыз.
4. Ыдыс жуғыш машинаға ас құралдары мен ыдыс-аяқтарды салыңыз.

5. Жуу бағдарламасын ыдыстың қаншалықты салынғандығына және ластанғанына қарап дұрыс орнатыңыз.
6. Жуғыш зат үлестіргішке жуғыш затты тиісті мөлшерде салыңыз.
7. Жуу бағдарламасын бастаңыз.

i Егер құрама жуу таблеткаларын ('3 in 1', '4 in 1', '5 in 1' т.с.с.) қолдансаңыз, 'Multitab функциясы' тарауын қараңыз.

СУ ЖҰМСАҚТАЙТЫН БҰЙЫМЫН САЛУ

Су жұмсартқыш суды құрамындағы минералдар мен тұздардан тазартады. Минералдар мен тұздар құрылғы жұмысына теріс әсер етеді. Судың кермектігі эквивалент мәндермен есептеледі:

- Германия, (dH°).
- Франция, (°TH).
- ммоль/л (бір литрдегі миллимоль > су кермектігін анықтайтын халықаралық бірлік).

- Кларк. Су жұмсартқыштың деңгейін өзіңіз тұратын жердегі судың кермектігіне пайызтаңыз. Қажет болса, суды басқаратын жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

| °dH | Судың кермектігі | | | Судың кермектігін баптау | |
|---------|------------------|------------|---------|--------------------------|----------------------|
| | °TH | ммоль/л | Кларк | қолмен | электрондық тәсілмен |
| 51 - 70 | 91 - 125 | 9,1 - 12,5 | 64 - 88 | 2 | 10 |
| 43 - 50 | 76 - 90 | 7,6 - 9,0 | 53 - 63 | 2 | 9 |
| 37 - 42 | 65 - 75 | 6,5 - 7,5 | 46 - 52 | 2 | 8 |
| 29 - 36 | 51 - 64 | 5,1 - 6,4 | 36 - 45 | 2 | 7 |
| 23 - 28 | 40 - 50 | 4,0 - 5,0 | 28 - 35 | 2 | 6 |
| 19 - 22 | 33 - 39 | 3,3 - 3,9 | 23 - 27 | 2 | 5 |
| 15 - 18 | 26 - 32 | 2,6 - 3,2 | 18 - 22 | 1 | 4 |
| 11 - 14 | 19 - 25 | 1,9 - 2,5 | 13 - 17 | 1 | 3 |
| 4 - 10 | 7 - 18 | 0,7 - 1,8 | 5 - 12 | 1 | 2 |
| < 4 | < 7 | < 0,7 | < 5 | 1 1) | 1 1) |


1) Тұзды пайдаланудың еш қажеті жоқ.

i Су жұмсартқышты қолмен және электронды тәсілмен орнатуыңыз қажет.

Қолмен баптау

i Құрылғының зауытта орнатылған деңгейі - 2.

1. Есікті ашыңыз.
2. Астыңғы себетті алыңыз.
3. Су кереметтігі дискісін 1-ші не 2-ші орынға орнатыңыз (кестеге қараңыз).
4. Астыңғы себетті салыңыз.



5. Есікті жабыңыз.

Электронды жолмен баптау

i Ыдыс жуғыш машинаның зауытта орнатылған деңгейі - 5.

1. Құрылғыны қосыңыз.
2. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанын тексеріңіз.

3. В және С функция түймешіктерін А, В және С функция түймешіктерінің анықтағыш шамдары жыпылықтай бастағанша басып ұстап тұрыңыз.
4. В және С функция түймешігін босатыңыз.
5. А функция түймешігін басыңыз.
 - В және С функция түймешіктерінің анықтағыш шамдары өшеді.
 - А функция түймешігінің анықтағыш шамы жыпылықтауын жалғастырады.
 - Сандық бейнебетте ағымдық деңгей пайда болады.
 - Дыбысты сигналды естисіз.
 Мысалы: сандық бейнебетте 5 L / 5 үзік-үзік дыбысты сигнал = 5-ші деңгей көрсетіледі.
6. Су жұмсартқыштың деңгейін бір сатыға көтеру үшін А түймешігін бір рет басыңыз.
7. Амалды құрылғы жадына енгізу үшін қосудың түймешігін басыңыз.


ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАСЫ ҮШІН АРНАЛҒАН

! Сақтандыру туралы ескерту! Тек ыдыс жуғыш машина тұзын қолданыңыз. Ыдыс жуғыш машинаға арналмаған тұздар су жұмсартқышқа нұқсан келтіреді.

! Сақтандыру туралы ескерту! Тұз түйірлері мен машина түбіндегі тұзды су машинаны тоттандырады. Машинаны толтандырмау үшін тұзды тұз сауытына жуу бағдарламасын бастамай тұрып салыңыз.

Тұз сауытын толтыру үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Тұз сауытын ашу үшін қақпағын сағат бағытына қарсы бұраңыз.
2. Тұз сауытына 1 литр су құйыңыз (тек ең алғаш іске қосқанда).
3. Тұз сауытына тұз салу үшін құйғышты пайдаланыңыз.



4. Тұз сауытының ернеуінің айналасындағы тұздарды тазалап алыңыз.
 5. Тұз сауытын жабу үшін қақпағын сағат бағыты бойынша бұраңыз.
- i** Сауытқа тұз салған кезде судың тұз сауытынан асып төгіліп кетуі қалыпты жағдай.

Су жұмсартқыштың деңгейін электронды тәсілмен 1-ге қойғанда

тұзды анықтайтын шам жанып тұрмайды.


ШАЮ БҰЙЫМДАРЫ

! Сақтандыру туралы ескерту! Тек ыдыс жуғышқа арналған фирмалық шайғыш заттарды ғана пайдаланыңыз. Шайғыш зат сауытына ешбір басқа зат (мысалы, ыдыс жуғышты тазалағыш зат, сұйық тазалағыш) салмаңыз. Бұл құрылғыға нұқсан келтіреді.


i Шайғыш зат ыдыстарды ешбір жолақ не дақ қалдырмай кептіреді. Шайғыш зат ең соңғы шаю кезеңінде автоматты түрде қосылады.

Шайғыш зат үлестіргішін толтыру үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Шайғыш зат үлестіргішін ашу үшін (A) түймешігін басыңыз.




2. Шайғыш зат үлестіргішіне шайғыш заттан салыңыз. 'max.' белгішесі максимум деңгейді көрсетеді.



3. Төгіліп қалған шайғыш затты жуу бағдарламасын келесі жолы бастаған кезде көбік пайда болмас үшін сорғыш матамен сүртіп алыңыз.
4. Шайғыш зат үлестіргішін жабыңыз.

Шайғыш затты үлестіру мөлшерін белгілеу

Шайғыш зат параметрі зауытта 4-ші деңгейге қойылған. Шайғыш заттың үлестірілетін мөлшерін 1 (ең төменгі) мен 6 (ең жоғары) аралығында орнатуыңызға болады.



1. Үлестірілетін мөлшерді көбейту не азайту үшін шайғыш зат түймешесін бұраңыз.
– Ыдыстарда су тамшысы не әк түйірі қалып қойса, шайғыш зат мөлшерін көбейтіңіз.

- Ыдыста жолақ, ақшыл дақтар қалып не беті көкшіл тартса, үлестіру мөлшерін азайтыңыз.

АС ҚҰРАЛДАРЫ МЕНЕН ЫДЫС-АЯҚТЫ САЛУС

Ақыл-көңес

! **Сақтандыру туралы ескерту!**
Құрылғыны тек ыдыс жуғыш машинада жууға болатын үйдегі ыдыс-аяқтарды жуу үшін ғана қолданыңыз.

Құрылғыны су тартқыш заттарды (жөке, майлық-сулықтар, т.с.с) жуу үшін пайдаланбаңыз.

- Ас құралдары мен ыдыс-аяқтарды салмас бұрын мына қадамдарды орындаңыз:
 - Тағам қалдықтары мен ластықтарды толық кетіріңіз.
 - Жанған, ыдысқа жабысқан тағамдарды жұмсартыңыз.
- Ас құралдары мен ыдыстарды мына қадамдарды орындап салыңыз:
 - Шұңғыл заттарды(мысалы кесе, стакан және кәстрөл) төңкеріп салыңыз.
 - Сауыт не өте шұңғыл ыдыстың ішіне су жиналып қалмағанын тексеріңіз.
 - Ас құралдары мен ыдыстардың бірінің ішіне бірі кіріп қалмағанын тексеріңіз.
 - Ас құралдары мен ыдыстардың басқа ас құралдары мен ыдыстарды дайдалап қалмағанын тексеріңіз.
 - Стакандардың бір-біріне тимей тұрғандығын тексеріңіз.
 - Кішкене заттарды ас құралдары себетіне салыңыз.
- Пластик заттар мен жабысқақ емес қаптамасы бар кәстрөлдерге су тамшылары тұрып қалады. Пластик заттар фарфор және темір заттар сияқты тез құрғамайды.
- Жеңіл заттарды жоғарғы себетке салыңыз. Заттар жылжып кетпесін.



! **Сақтандыру туралы ескерту!**
Бүріккіш түтіктердің еркін айналатындығын жуу

бағдарламасын бастамай тұрып тексеріңіз.


! **Назарыңызда болсын!** Ыдысты салып не алып болған соң есікті әрқашан жауып жүріңіз. Ашық есік қауіпті болуы мүмкін.

Астыңғы себет

Кәстрөл, қақпақ, табақ, салат сауыттары мен ас құралдарын астыңғы себетке салыңыз. Тарелкелер мен жалпақ қақпақтарды себеттің шетін жағалата орнапастырыңыз.




Кәстрөлдер, бақыр мен шыныаяқтарды салу үшін астыңғы себеттегі ілгек қатарларын жиып қоюға болады.



Ас құралдарының қорапшасы

! Назарыңызда болсын! Ұзын жүзді пышақтарды адам жарақаттанып қалмас үшін тігінен қоймаңыз. Ұзын және өткір ас құралдарын үстіңгі себетке көлденең жатқызып салыңыз. Өткір заттарды абайлап ұстаңыз.

Шанышқы мен қасықтардың сабын төмен қаратып салыңыз. Пышақтардың сабын жоғары қаратып салыңыз.




Қасықтар бір-біріне жабысып қалмас үшін, оларды басқа ас құралдарымен араластырып салыңыз. Ас құралдары торын пайдаланыңыз. Құралдың үлкендігі ас құралдары торын пайдалануға кедергі жасаса, оны алып қоюға болады.

Үстіңгі себет


Үстіңгі себет табақ(диаметрі максимум 24 см), табақшалар, салат сауыттары, шыныаяқ, стакан, кәстрөл мен

қаппақтарды салуға арналған. Заттарды су барлығына біркелкі тиетіндей орналастырыңыз.



i Табақтарды үстіңгі себеттің артқы жағына ғана салыңыз. Оларды алға қарай қисайтыңыз.

Ұзын бокалдарды шыныаяқ торына сирағын жоғары қаратып салыңыз. Ұзын заттарды шыныаяқ торын жиып барып салыңыз.



Үстіңгі себеттің биіктігін реттеу

Астыңғы себетке үлкен табақтарды салу үшін, алдымен үстіңгі себетті ең жоғарғы орынға қойыңыз.


Ыдыстың ең үлкен биіктігі

| | үстіңгі себеттегі | астыңғы себеттегі |
|--------------|-------------------|-------------------|
| Үстіңгі орын | 20 см | 31 см |
| Астыңғы орын | 24 см | 27 см |

Үстіңгі себетті жоғарғы орынға қою үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Себетті тоқтап қалғанша сыртқа қарай тартыңыз.
2. Механизмі өз орнына орнығып себет тұрақтанғанға дейін оның екі

жағынан еппен ұстап, жоғары қарай көтеріңіз.



Үстіңгі себетті төменгі орынға қою үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Себетті тоқтап қалғанша сыртқа қарай тартыңыз.
2. Екі жағынан ұстап еппен көтеріңіз.
3. Механизмін ұстап тұрыңыз да, орнына еппен түсіріңіз.

! Сақтандыру туралы ескерту!

- Себетті ешқашан тек бір жағынан ұстап көтеруге не түсіруге болмайды.
- Егер себет үстіңгі орында тұрса, кеселерді шыныаяқ торына қоймаңыз.

ТАЗАЛАУ БҰЙЫМДАРЫН ҚОЛДАНУ

i Тек ыдыс жуғыш машинаға арналған жуғыш заттарды (ұнтақ, сұйық не таблетка)ғана қолданыңыз.


Орамындағы нұсқауларды орындаңыз:

- Өндіруші көрсеткен мөлшерде ғана пайдаланыңыз.
- Сақтауға қатысты ұсыныстарды қараңыз.

🌿 Қоршаған ортаға зиян тигізбес үшін көрсеткен мөлшерден артық пайдаланбаңыз.

Жуғыш зат үлестіргішін толтыру үшін мына қадамдарды орындаңыз


1. Жуғыш зат үлестіргіштің қақпағын ашыңыз.




2. Жуғыш зат үлестіргішіне (A) жуғыш заттан салыңыз. Белгіше мөлшерді көрсетеді:

20 = шамамен 20 г жуғыш затқа тең
30 = шамамен 30 г жуғыш затқа тең.

3. Алдын ала жуу циклі бар жуу бағдарламасын пайдалансаңыз, алдын ала жуғыш зат үлестіргішіне (B) жуғыш заттан көбірек салыңыз.



4. Жуғыш таблеткаларды пайдалансаңыз, жуғыш таблетканы жуғыш зат үлестіргішке салыңыз (A).



МУЛЬТИ ТАБ ФУНКЦИЯСЫ

Multitab функциясы аралас таблеткаларға арналған.

Бұл таблеткалардың құрамында жуғыш, шайғыш зат және ыдыс жуғыш машина тұзы тәрізді заттар бар. Кей таблеткалардың құрамында басқа да заттар болады.

Бұл таблеткалардың жергілікті жердің суының кереметігіне сай келетін-келмейтінін тексеріңіз. Өндіруші нұсқауларын орындаңыз.

Multitab функциясын орнатсаңыз, ол қайта ажыратқанша қосылып тұрады.

Multitab функциясы шайғыш зат пен тұздың ағуын автоматты түрде тоқтатады. Шайғыш зат пен тұздың анықтағыш шамдары өшеді.

Multitab функциясын қолдансаңыз, бағдарлама ұзаққа созылуы мүмкін.

- i** Multitab функциясын жуу бағдарламасын бастамай тұрып қосыңыз не өшіріңіз. Бағдарлама жұмыс жасап тұрған кезде multitab функциясын қосып не өшіре алмайсыз. Жуу бағдарламасын өшіріңіз де, содан соң бағдарламаны қайта орнатыңыз.

Multitab функциясын қосу үшін:

- Екі multitab түймешігін (D және E функция түймешіктері) қатар басып ұстап тұрыңыз. Multitab анықтағыш шамы жанады.

Multitab функциясын ажырату үшін:

- Екі multitab түймешігін (D және E функция түймешіктері) қатар басып

5. Жуғыш зат үлестіргіштің қақпағын жабыңыз. Қақпақты өз орнына түскенше басыңыз.

- i** Өртүрлі фирма өндірген жуғыш заттар өртүрлі жылдамдықпен ериді. Кей жуғыш заттарды қысқа мерзімді жуу бағдарламасы үшін қолданғанда нәтижесі сондай жақсы болмайды. Таблеткаларды жуғыш зат әбден жуылып кету үшін ұзақ жуу бағдарламасы үшін таңдаңыз.

ұстап тұрыңыз. Multitab анықтағыш шамы өшеді.

- i** Құрғату нәтижесі қанағаттандырмаса мына қадамдарды орындаңыз:

1. Шайғыш зат үлестіргішіне шайғыш заттан салыңыз.
2. Шайғыш зат үлестіргішін белсенді күйге көшіріңіз.
3. Шайғыш затты үлестіру мөлшерін 2-ші орынға қойыңыз.
 - Шайғыш зат үлестіргішін тек multitab функциясы белсенді күйде тұрғанда ғана қосуға не өшіруге болады.

Шайғыш зат үлестіргішін қосу/өшіру үшін:

1. Құрылғыны қосыңыз.
2. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанын тексеріңіз.
3. В және С функция түймешіктерін басып, ұстап тұрыңыз.
 - А, В, және С функция түймешіктерінің анықтағыш шамдары жыпылықтай бастайды.
4. В және С функция түймешігін босатыңыз.
5. В функция түймешігін басыңыз.
 - А және С функция түймешіктерінің анықтағыш шамдары өшеді.
 - В функция түймешігінің анықтағыш шамы жыпылықтауын жалғастырады.
 - Сандық бейнебетте параметр пайда болады.

| | |
|-----------|------------------------------------|
| 0d | Шайғыш зат үлестіргіші ажыратылған |
| 1d | Шайғыш зат үлестіргіші қосылған |

6. В функция түймешігін қайта басыңыз.
 - Сандық бейнебетте жаңа параметр пайда болады.
 7. Амалды құрылғы жадына енгізу үшін құрылғыны өшіріңіз.
- i** Қалыпты жуғыш затты қайта пайдалану үшін:

1. Multitab функциясын ажыратыңыз.
2. Тұз сауыты мен шайғыш зат үлестіргішін толтырыңыз.
3. Су кермектігі параметрін ең жоғарғы деңгейге қойыңыз.
4. Жуу бағдарламасын еш ыдыссыз орындаңыз.
5. Су жұмсартқыштың деңгейін өзіңіз тұратын жердегі судың кермектігіне лайықтаңыз.
6. Шайғыш затты үлестіру мөлшерін белгілеңіз.

ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫН ТАҢДАУ ЖӘНЕ БАСТАУ

- i** Жуу бағдарламасын есікті ашыңқырап қойып орнатыңыз. Жуу бағдарламасы тек есік жабылған соң ғана басталады. Осыған дейін параметрлерді өзгертуіңізге болады.

Жуу бағдарламасын орнатып, бастау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыны қосыңыз.
2. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанын тексеріңіз.
3. Бағдарлама түймешіктерінің бірін басыңыз. Жуу бағдарламалары тарауын қараңыз.
 - Бағдарламаның анықтағыш шамы жанады.
 - Сандық бейнебетте бағдарлама ұзақтығы пайда болады.
4. Есікті жабыңыз.
 - Жуу бағдарламасы басталады.

- i** Жуу бағдарламасы орындалып тұрған кезде бағдарламаны өзгерте алмайсыз. Жуу бағдарламасын біржола тоқтатыңыз.

Бағдарламаға кешіктіріп бастау функциясын қосып орнату және бастау

1. Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз.
2. Жуу бағдарламасын орнатыңыз.
3. Кешіктіріп бастау түймешігін бейнебетте жуу бағдарламасын кешіктіру уақыты көрсетілгенше басыңыз.
 - Кешіктіріп бастау функциясының анықтағыш шамы жанады.
4. Есікті жабыңыз.

- Кешіктіріп бастау функциясының кері санағы басталады.
- Кешіктіріп бастау функциясының кері санағы 1 сағаттық қадам бойынша кему бастайды.
- Кері санақ аяқталған кезде жуу бағдарламасы автоматты түрде басталады.

- i** Кері санақ тоқтап қалмас үшін кері санақ орындалып тұрған кезде есікті ашпаңыз. Есікті қайта жапқан кезде кері санақ тоқтаған жерінен бастап жалғасады.

Кешіктіріп бастау функциясын болдырмау

1. В және С функция түймешіктерін барлық бағдарламалардың шамдары жанғанша басып ұстап тұрыңыз.
 - Кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатқан кезде жуу бағдарламасы да тоқтайды.
2. Жаңа жуу бағдарламасын орнатыңыз.

! Назарыңызда болсын! Жуу бағдарламасын тек қажет жағдайда ғана үзіңіз не біржола тоқтатыңыз.

! Сақтандыру туралы ескерту! Есікті абайлап ашыңыз. Ыстық бу шығып кетуі мүмкін.

Жуу бағдарламасын үзу

- Есікті ашыңыз.
- Бағдарлама тоқтайды.
- Есікті жабыңыз.

- Бағдарлама үзілген жерінен бастап жалғасады.

Жуу бағдарламасын біржола тоқтату

1. В және С функция түймешіктерін барлық бағдарламалардың шамдары жанғанша басып ұстап тұрыңыз.
2. Жуу бағдарламасын біржола тоқтату үшін В және С функция түймешіктерін босатыңыз.

Осы кезде мына қадамдарды орындауға болады:

1. Құрылғыны өшіру.
2. Жаңа жуу бағдарламасын орнату. Жаңа жуу бағдарламасын орнатпай тұрып жуғыш зат үлестіргішке жуғыш заттан салыңыз.

Жуу бағдарламасының соңы

- Құрылғы автоматты түрде тоқтайды.
 - Бағдарламаның аяқталғанын көрсететін дыбыстық сигнал естіледі.
1. Есікті ашыңыз.
 - Сандық бейнебетте 0 көрсетіледі.

- Аяқталған бағдарламаның индикатор шамы жанып тұрады.

2. Құрылғыны өшіріңіз.
3. Құрғату нәтижесін жақсарту үшін ыдыс-аяқты алмас бұрын есікті бірнеше минут ашып қойыңыз.

Ыдыс-аяқты құрылғыдан суығаннан кейін ғана алыңыз. Ыстық ыдыс осал келеді.

Күте тұру режимі

Жуу бағдарламасы аяқталған соң құрылғыны өшірмесеңіз, машина автоматты түрде күте тұру режиміне көшеді. Күте тұру режимі қуат шығынын азайтады.

Бағдарлама аяқталған соң үш минут өткен кезде барлық анықтағыш шамдар өшеді де, сандық бейнебетте бір көлденең сызық пайда болады. Бағдарламаның соңы режиміне қайта өту үшін түймешіктердің бірін (on/off түймешігі емес) басыңыз.

ЖУУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Жуу бағдарламалары

| Бағдарлама | Ластану дәрежесі | Ыдыс-аяқтың түрі | Бағдарлама сипаттамасы |
|---|-----------------------------|---|---|
|  | Қатты ластанған | Фарфор ыдыс, ас құралдары, кәстрөлдер мен табалар | Алдын ала жуу 70°C градусқа дейін негізгі жуу 2 рет аралық шаю Соңғы шаю Құрғату |
| AUTO ¹⁾ | Кез келген | Фарфор ыдыс, ас құралдары, кәстрөлдер мен табалар | Алдын ала жуу 45°C не 70°C градусқа дейін негізгі жуу 1 не 2 рет аралық шаю Соңғы шаю Құрғату |
|  (30° 2) | Қалыпты не шамалы ластанған | Фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдары | 60°C градусқа дейін негізгі жуу Соңғы шаю |
| ECO ³⁾ | Қалыпты ластанған | Фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдары | Алдын ала жуу 50°C градусқа дейін негізгі жуу 1 рет аралық шаю Соңғы шаю Құрғату |

| Бағдарлама | Ластану дәрежесі | Ыдыс-аяқтың түрі | Бағдарлама сипаттамасы |
|------------|------------------|--|--|
| | Кез келген | Жартылай салу (сол күні кейінірек толтыру үшін). | 1 рет суық суға шаю (тағам қалдықтары қалып қоймас үшін). Бұл бағдарламада жуғыш затты қолдану қажет емес. |

- 1) Автоматты жуу бағдарламасы кезінде, ыдыс-аяқтың ластану дәрежесі судың қаншалықты лас екеніне қарай анықталады. Бағдарламаның ұзақтығы мен тұтыну шығыны өзгеруі мүмкін. Бұл құрылғының толық немесе жартылай толтырылғанына, ыдыс-аяқтың қаншалықты ластанғанына байланысты. Құрылғы негізгі жуу кезінде судың температурасы мен мөлшерін автоматты түрде реттейді.
- 2) Бұл жартылай салынған ыдысты күнделікті жууға тамаша жарайтын бағдарлама. Таңғы және кешкі астан қалған ыдыс-аяқ пен ас құралдарын жуғысы келетін, 4 адамнан тұратын жанұяға тамаша жарайды.
- 3) Сынақ мекемелеріне арналған сынақ бағдарламасы. Сынақ деректерін бөлек ілеспе кітапшадан қараңыз.

Тұтынылатын ресурстардың мәні

| Бағдарлама | Ұзақтығы (минут) ¹⁾ | Қуат (кВт/с) | Су (литр) |
|-------------|--------------------------------|--------------|-----------|
| | - | 1,6-1,8 | 22-24 |
| AUTO | - | 1,1-1,8 | 12-23 |
| | - | 0,9 | 9 |
| ECO | - | 1,0-1,1 | 13-15 |
| | - | 0,1 | 4 |

1) Сандық бейнебетте бағдарламаның ұзақтығы көрсетіледі.

- i** Бұл мәндерді судың қысымы мен температурасы, электр қуатының ауытқуы және ыдыс-аяқтың мөлшері өзгертуі мүмкін.

КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

! Назарыңызда болсын! Құрылғыны өшіріп барып тазалаңыз.


Сүзгілерді тазалау

! Сақтандыру туралы ескерту!
Құрылғыны еш сүзгісіз пайдаланбаңыз. Сүзгілердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Теріс орнатсаңыз жуу нәтижелері қанағаттанғысыз болып, құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.

Сүзгілерді қажетінше тазалап отырыңыз. Кірлеген сүзгілер жуу нәтижесін төмендетеді.


Ыдыс жуғыш машинаның үш сүзгісі бар:

1. ірі көзді сүзгі (A)
2. микросүзгі (B)
3. тегіс сүзгі (C)




Сүзгілерді тазалау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Есікті ашыңыз.
2. Астыңғы себетті алыңыз.
3. Сүзгі жүйесінің бекітпесін ашу үшін микросүзгі (B) ұстағышын сағат бағытына қарсы 1/4 мөлшерде бұраңыз.




4. Сүзгілерді алыңыз.
5. Ірі көзді сүзгіні(А)тесігі бар ұстағышынан ұстаңыз.
6. Ірі көзді сүзгіні(А)микросүзгіден(В)алыңыз.
7. Тегіс сүзгіні (С) құрылғы түбінен шығарыңыз.



8. Сүзгілерді ағып тұрған суға жуыңыз.
9. Тегіс сүзгіні (С) құрылғы түбіне салыңыз. Тегіс сүзгіні өкі бағыттағыштық (D) астына дұрыс орнатыңыз.
10. Ірі көзді сүзгіні(А)микросүзгіге(В)салып, екеуін қатар басыңыз.
11. Сүзгі жүйесін орнына қойыңыз.
12. Сүзгі жүйесін бекіту үшін микросүзгі (В)ұстағышын өз орнына түскенше сағат бағытымен бұраңыз.

НЕ ІСТЕРСІҢІЗ, ЕГЕР...

Құрылғы жұмысы істей бастамайды не жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады. Құрылғыда ақау бар болса, оны алдымен өзіңіз шешіп көруге тырысыңыз. Мәселенің шешімін өзіңіз таба алмасаңыз, дилеріңізге не тұтынушыға қызмет көрсететін орталыққа хабарласыңыз.



13. Астыңғы себетті салыңыз.
 14. Есікті жабыңыз.
- i** Бүріккіш түтіктерді алмаңыз.

Бүріккіш түтіктердің тесіктері бітеліп қалса, оны жіңішке шырпымен тазалаңыз.

Сыртын тазалау

Машинаның сыртын және басқару панелінің дымқыл жұмсақ матамен тазалаңыз. Тек нейтрал тазалағыш заттарды қолданыңыз. Түрпілі не қатты тазалағыш заттарды, еріткіштерді (ацетон, трихлорэтилен, т.с.с.) пайдаланбаңыз.

Мұздап кетуден сақтау

- !** **Сақтандыру туралы ескерту!**
Құрылғыны температурасы 0 °С градустан төмен түсетін жерге орнатпаңыз. Өндіруші құрылғыға мұздап қалудан келген зиян үшін жауапты емес.

Басқа мүмкіндік болмаса, құрылғыны босатыңыз да, есігін жабыңыз. Су құятын түтікшені ағытып, су құятын түтікшедегі суды төгіңіз.

- !** **Сақтандыру туралы ескерту!**
Ақаулықты төменде көрсетілген ұсыныстар бойынша түзетуді бастамай тұрып, құрылғыны өшіріңіз.

| Қателер коды және дұрыс істемеу | Мүмкін себептері және шешетін жолдары |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> • үзік-үзік дыбысты сигнал • сандық бейнебетте 10 пайда болады <p>Ыдыс жуғыш машинаға су толмай тұр</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын шүмек бітелген не оған қақ тұрған. • Су құятын шүмекті тазалаңыз. • Су құятын шүмек жабық. • Су құятын шүмекті ашыңыз. • Су құятын түтікшедегі сүзгі бітеліп қалған. Сүзгіні тазалаңыз. • Су құятын түтікше дұрыс жалғанбаған. Түтікше шиеленісіп не жаншылып қалуы мүмкін. Түтікшенің дұрыс жалғанғанын тексеріп алыңыз. |
| <ul style="list-style-type: none"> • үзік-үзік дыбысты сигнал • сандық бейнебетте 20 көрсетілді <p>Ыдыс жуғыш машинаның суы төгілмей жатыр</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Раковина түтігі бітеліп қалған. Раковинаның түтігін тазалаңыз. • Су төгетін түтікше дұрыс жалғанбаған. Түтікше шиеленісіп не жаншылып қалуы мүмкін. Түтікшенің дұрыс жалғанғанын тексеріп алыңыз. |
| <ul style="list-style-type: none"> • үзік-үзік дыбысты сигнал • сандық бейнебетте 30 пайда болады <p>Тасқынға қарсы құрал қосылып кетеді</p> <p>Бағдарлама басталмай тұр</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын шүмекті жауып, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. • Құрылғы есігі жабылмаған. Есікті жабыңыз. • Аша розеткаға сұрылмаған. Ашаны қосыңыз. • Үйдегі сақтандырғыш қорапшасындағы сақтандырғыш күйіп кеткен. Сақтандырғышты ауыстырыңыз. • Кешіктіріп бастау орнатылған. Бағдарламаны дереу бастау үшін кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатыңыз. |

Тексеріп болған соң құрылғыны қосыңыз. Бағдарлама үзілген жерінен бастап жалғасады. Құрылғы ақауы қайта орын алса, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Мына деректер сізге жылдам да дұрыс көмек көрсету үшін қажет:

- Үлгісі (Mod.)
- Өнім нөмірі (PNC)

- Сериялық нөмірі (S.N.)
- Бұл деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алыңыз. Қажетті деректерді мына жерге жазып қойыңыз:
- Құрылғы үлгісінің сипаттамасы:
- Өнім нөмірі:
- Сериялық нөмірі:

Жуу нәтижелері қанағаттанарлық емес

| | |
|--|--|
| Ыдыстар таза емес | <ul style="list-style-type: none"> • Таңдалған бағдарлама ыдыстардың салыну түріне және кірлеу ауқымына сай келмейді. • Себептер дұрыс толтырылмаған, сондықтан да су барлық ыдыстардың беттеріне біркелкі тимей тұр. • Ыдыстар дұрыс салынбағандықтан бүрікіштер еркін айнала алмай тұр. • Сүзгілер ластанған не теріс салынған. • Жуғыш зат салынбаған не өте аз мөлшерде салынған. |
| Ыдыстардың үстінде әк түйірлері қалған | <ul style="list-style-type: none"> • Тұз сауыты босап қалған. • Су жұмсартқыштың теріс деңгейі орнатылған. • Тұз сауытының қақпақшасы дұрыс жабылмаған. |
| Ыдыс-аяқ сулы және түсі жақсы емес | <ul style="list-style-type: none"> • Ешбір шайғыш зат пайдаланылмаған. • Шайғыш зат үлестіргіші босап қалған. |

Жуу нәтижелері қанағаттанарлық емес

Ыдыстар мен стакандардың беті айғыздалған не оларға ақшыл дақтар түскен не беті көкшіл тартқан

- Шайғыш зат мөлшерін азайтыңыз.

Стакандар мен ыдыстарда кепкен су тамшысының ізі қалған

- Шайғыш зат мөлшерін көбейтіңіз.
- Бұның себебі жуу заттары болуы мүмкін.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТАМА

| | | |
|---|---|--------------------|
| Өлшемдері | Ені, см | 59,6 |
| | Биіктігі, см | 81,8-87,8 |
| | Тереңдігі, см | 55,5 |
| Электр желісіне қосылым - Кернеу - Жалпы қуат - Сақтандырығыш | Құрылғыны электр желісіне қосу туралы мәлімет, жуғыш есігінің ішкі бетінің шетіндегі техникалық ақпарат тақтайшасында берілген. | |
| Құйылатын судың қысымы | Минимум | 0,5 бар (0,05 МПа) |
| | Максимум | 8 бар (0,8 МПа) |
| Сыйымдылығы | Орын параметрлері | 12 |

ОРНАТУ

⚠ Назарыңызда болсын! Құрылғыны ашаның розеткадан алынып тұрғанын тексеріп барып орнатыңыз.

Өте маңызды! Құрылғыны нұсқауларды орындай отырып кіріктіріп орнатыңыз:

- Құрылғыны кіріктіріп орнатыңыз.
- Шкафтың қабырғасын орнатыңыз.
- Су құятын және төгетін жүйеге қосыңыз.

Құрылғыны жинап астына орнату (ас үй үстелі не раковина)

Жөндеу жұмысын жүзеге асыру қажет болса, құрылғыға арнайы маманның қолы оңай жетуге тиіс.

Құрылғыны су құятын шүмек пен суды төгетін құбырлардың қасына орналастырыңыз.

Ыдыс жуғышты су құятын, төгетін жүйеге және электр желісіне қосу үшін тек осыларға ғана арналған тесіктерді тесіп жасау керек.

Ыдыс жуғыштың биіктікті реттеуге арналған өзгермелі сирақтары бар.

Машинаны кіріктіріп орнатқан кезде су құятын, төгетін түтікшелері мен электр желісіне қосатын сымының шиеленісіп не жаншылып қалмағанын тексеріңіз.

Құрылғыны іргелес заттарға жанастыра орналастыру

Астына құрылғы орнатылатын шкаф конструкциясының (іргелес құрылғылар, шкафтар, қабырға) берік жасалғандығына көз жеткізіңіз.

Құрылғы деңгейін лайықтап орнату

Құрылғының есікке өте жақын әрі еш саңылаусыз орнатылуын қамтамасыз етіңіз. Деңгейі дұрыс орнатылған құрылғының есігі шкаф қабырғасына соғылмайды. Есік дұрыс жабылмаса, өзгертпелі сирақтарды босату не қатайту арқылы машинаның деңгейін реттеп қойыңыз.

СУҒА ҚОСУ

Су құятын түтікше

Құрылғыны ыстық (макс. 60°) немесе суық суға қосуға болады.

Егер ыстық су қоршаған ортаға зияны жоқ басқа қуат көздерінен (мысалы күн көзінің қуатынан, фотоэлектрлі панель не жел қуатынан) алынса, қуат шығынын азайту үшін ыстық суды пайдалануды ұсынамыз.

Су құятын түтікшені сыртқы резьбасы 3/4 дюйм болатын су шүмегіне қосыңыз.

! Сақтандыру туралы ескерту! Ескі құрылғылардың қосылым түтікшелерін пайдаланбаңыз.

Су қысымы көрсетілген шектерден аспауға тиіс ("Техникалық деректер" тарауын қараңыз). Жергілікті су басқармасынан тұратын жеріңіздегі құбырлардың орташа қысымын беруін талап етіңіз.

Су құятын түтікшенің еш жерінің түйнектелмей, не жаншылып не болмаса шиеленіспей тұрғандығын тексеріңіз.

Су жылыстап ағып кетпес үшін контргайканы дұрыс орнатыңыз.

! Сақтандыру туралы ескерту! Құрылғыны ұзақ уақыт қолданылмаған құбырларға не жаңа құбырларға қоспаңыз. Су құятын түтікшені суды бірнеше минут ағызған соң ғана жалғаңыз.

Су құятын түтікше екі қабатты қабықтан тұрады және оның қауіпсіздік клапанына арналған ішкі электр сымы бар. Су құятын түтікшеде тек су ағып тұрған кезде ғана қысым бар болады.


Су құятын түтікшеден су кетсе, қауіпсіздік клапаны ағып жатқан суды тоқтатады.

Су құятын түтікшені қосатын кезде абай болыңыз:

- Су құятын түтікшені не қауіпсіздік клапанын суға салмаңыз.
- Су құятын түтікшеге не қауіпсіздік клапанына нұқсан келсе, ашаны розеткадан дереу ажыратыңыз.


- Қауіпсіздік клапаны бар су құятын түтікшені тек қызмет көрсету орталығына ауыстыруға рұқсат етіңіз.

! Назарыңызда болсын! Қатерлі кернеу




Су төгетін түтікше

1. Су төгетін түтікшені раковина түтігіне жалғап, оны жұмыс тақтасының астына бекітіңіз. Бұл раковинадан ағатын кір су құрылғыға құйылып кетуден сақтайды.
2. Су төгетін түтікшені желдеткіш төсігі (ішкі диаметрі минимум 4 см) тік құбырға жалғаңыз.



Су төгетін түтікшенің еш жерінің майысып не жаншылып суды ағызбай қою тұрмағанын тексеріңіз. Ыдыс жуғыш машина суын төгіп тұрған кезде, су құрылғыға қайта құйылып кетпес үшін раковина тығынын алып қойыңыз.

Су төгетін түтікшені 2 м артық ұзартуға болмайды. Ішкі диаметрі түтікше диаметрінен кіші болмауға тиіс. Су төгетін түтікшені раковинаның астындағы түтікке түйістіру үшін пластик қабықты (А) алыңыз. Қабықты алмасаңыз ас қалдықтары су төгетін түтікті толтырып қояды.



i Құрылғы кір су қайта құйылып кетуден сақтандыратын қауіпсіздік

функциясымен жабдықталған. Раковина түтігі 'қайтармайтын клапанмен' жабдықталса, бұл клапан құрылғы суын дұрыс төгуге кедергі жасайды. Қайтармайтын клапанды алыңыз.

! **Сақтандыру туралы ескерту!** Су қосылымдарының су ағып кетпейтіндей берік жалғанғандығын тексеріңіз.

ЭЛЕКТРТОҒЫНА ҚОСУ

! **Назарыңызда болсын!** Бұл нұсқауларды орындамасаңыз, салдарына өндіруші жауапты емес. Құрылғыны қауіпсіздік ережелеріне сай жерге қосыңыз. Техникалық ақпарат тақтайшасындағы кернеу мен қуат мәндерінің жергілікті желідегі кернеу мен қуатқа сай келетіндігіне көз жеткізіңіз. Өрқашан дұрыс орнатылған, электр қатерінен сақтандырылған розетканы пайдаланыңыз.

Көп-көзді ашаларды, жалғастырғыштар мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз. Өрт шығу қатері бар. Қорек сымын өзіңіз ауыстырмаңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Құрылғыны орнатып болған соң аша қол оңай жететін жерде тұруға тиіс.

Құрылғыны сымынан тартып өшірмеңіз. Өрқашан ашасынан ұстап өшіріңіз.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Бұйымдағы немесе бұйым қорапшасындағы **X** белгісі осы бұйым кәдімгі үй қалдығы емес екенін көрсетіп білдіреді. Сондықтан оны ескі электр және электроникалық бұйымдарды жинап утилизация үшін арнайы контейнерлерге салуыңыз керек. Осы бұйымды дұрыс түрде утилизация арқылы Сіз қоршаған орта менен адам денсаулығына түсіп пайда бола алатын зиянын болдыртпауын үшін үлес қоса аласыз; осы зиян бұл бұйымды дұрыс емес қолданғанда пайда болуы мүмкін. Осы бұйымның утилизациясы туралы көбірек білуіңіз үшін жергілікті әкімшілігіңізбен, қалдықтарды жинап әкететін мекемеңізбен немесе осы бұйымды Өзіңізге сатқан дүкенімен хабарласыңыз.

Орам материалдарының қоршаған ортаға зияны жоқ әрі оларды қайта

өңдеуден өткізуге болады. Пластик элементтерге мысалы, >PE<, >PS<, т.с.с таңбаламалар салынған. Орам материалдарын тұрмыстық қалдықтарды тастайтын жердегі тиісті жәшіктерге салып тастаңыз.

! **Назарыңызда болсын!** Құрылғыны тастау үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

- Розеткадағы ашаны суырып алыңыз.
- Сымы мен ашасын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Есіктің бекітпесін қоқысқа салыңыз. Бұл балалардың құрылғы ішіне кіріп бекітіліп қалып, өз өмірлеріне қауіп төндірмеуі үшін қажет.

QUELLAVEVAISSELLE.COM

QUELLAVEVAISSELLE.COM

QUELLAVEVAISSELLE.COM



www.electrolux.com/shop



QUELLAVEVAISSELLE.COM